

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке Айналайын» бөбекжайы»

МКҚК

2023-2024 оқу жылына арналған

Ата -аналар жиналысының №1 ХАТТАМА

Өткізу күні: 2023 жылғы 5 қыркүйек

Өткізілген орны: Айналайын бөбекжай бақшасы.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар, балабақша әдіскері

Хатшы: Аллиярова К.Ж

Күн тәртібі:

1. Ата- аналарды балабақша ұжымымен таныстыру.
2. 2023–2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.
3. Ата-аналар комитетін сайлау..
4. Балабақшаға баланың бейімделуі.

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші

Жаңа оқу жылының негізгі мақсат-міндеттерімен таныстырды. Оқу-тәрбие жұмысындағы басым бағыттар: танымдық даму, тілдік дамыту, шығармашылық, денсаулық сақтау, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды дамыту екені айтылды.

2. Тәрбиешілер жылдық жоспарды таныстырды:

- Апталық оқу қызметі кестесі (сөйлеу тілі дамыту, математика негіздері, сурет, дене шынықтыру, музыка т.б.).
- Мерекелік іс-шаралар: Тілдер мерекесі, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, Наурыз, Балаларды қорғау күні және т.б.
- Ата-аналармен өткізілетін жиналыстар мен ашық есік күндері.

3. Ата-аналармен кері байланыс:

Ата-аналар тарапынан оқу процесі мен жоспарға қатысты сұрақтар қойылды. Ұсыныстар: үйірмелер ашу, серуендеу уақытын көбейту, ата-аналармен бірлескен мерекелер ұйымдастыру.

Қаулы қабылданды:

1. 2023–2024 оқу жылының жоспары бірауыздан мақұлдансын.
2. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы өзара байланыс жүйелі жүргізілсін.
3. Ата-аналар жоспарға сәйкес балабақша өміріне белсенді қатыссын.
4. Балалардың жан-жақты дамуы үшін ұжымдық ынтымақтастық жалғастырылсын.

Төрайым: Амандыкова С.А.

Хатшы: Аллиярова К.Ж

**Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке Айналайын» бөбекжайы»
МКҚК**

**2023-2024 оқу жылына арналған
Ата -аналар жиналысының №2 ХАТТАМА**

«Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау»

Өткізілген орны: Айналайын бөбекжай бақшасы.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар, балабақша әдіскері

Хатшы: Аллиярова К.Ж

Күн тәртібі:

1. Оқу дағдыларын дамыту: сөйлеу, жазу, санау дағдыларының маңызы.
2. Қорытынды сауалнама
3. Ағымдағы мәселелер «Қош бол балабақша ертенгілігін өткізу».

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші

Балалардың мектепке дайындық деңгейіне тоқталып, оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру жолдарын атап өтті. Балалардың зейіні, ойлау қабілеті, сөйлеу тілі, ұсақ моторика дамуының маңыздылығы айтылды.

2. Тәрбиеші

Баланың мектепке психологиялық дайындығы туралы мәлімет берді. Әлеуметтік дағдылар, өзін-өзі реттеу, ұжымда жұмыс істей білу қабілеті туралы баяндады.

3. Ата-аналармен пікір алмасу:

Ата-аналар балаларын мектепке дайындау барысындағы өз тәжірибелерімен бөлісті. Бірқатар сұрақтар қойылды: мектеп таңдау, оқу құралдарын дайындау, жазғы дайындық курстары және т.б.

Қаулы қабылданды:

1. Балалардың мектепке дайындық жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
2. Ата-аналарға: үйде баламен оқу, жазу, санау, сөйлеу дағдыларын дамытуға уақыт бөлу.
3. Мектепке дейінгі мекеме ұжымы баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дайындық деңгейін арттыру жұмыстарын жалғастырады.
4. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында тұрақты кері байланыс орнату ұсынылды.

Торайым: Амандыкова С.А

Хатшы: Аллиярова К.Ж

